

**Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің
«Ақтөбе облысының мәдени мұрасын зерттеу, сақтау, жаңғырту мен
насихаттау» бойынша 2023-2025 жылдары жүзеге асыруға арналған
Жол картасына сәйкес 2023 жылы атқарылған
ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша есебі**

Бекітілген Жол картасына сәйкес 2023 жылы барлығы 18 жоба жоспарланды.

Оның ішінде:

1. Шетелдік және отандық мұрағаттар мен музей қорларына іссапарлар ұйымдастыру.

2. Ғұн дәуірі ескерткіштерін кешенді зерттеу.

3. Кездейсоқ табылған Елек I материалдары негізінде 2-4 ғасырлардағы ғұнның костюмі, қару-жарақ және ат әбзелі жиынтықтарының ғылыми-көркемдік және заттай қайта жаңғыртпасын жасау.

4. Ақтөбе өлкесі археологиясы бойынша жаңадан алынған материалдарды пәнаралық зерттеулер жасау.

5. Еуразия тарихындағы ғұндар бойынша халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны ұйымдастыру және өткізу.

6. Тас және палеометаллдар дәуірі ескерткіштерін зерттеу:

6.1. Жамансу 2 ескерткішінде қазба жұмыстарын жүргізу (*Мәртөк ауданы*).

6.2. Көне металлургтердің Таранғұл қонысын зерттеу (*Қарғалы ауд.*).

7. Төлеубұлақ тарихи-мәдени аумағындағы сармат ескерткіштерін зерттеу (*Мұғалжар ауданы*).

8. Едіге жалы қорымының «Үлкен обасын» археологиялық тұрғыда зерттеу (*Байғанин ауданы*).

9. Ортағасырлық ескерткіштерді зерттеу.

10. Ақтөбе өлкесінің тарихи-мәдени және табиғи мұраларына арналған кітап-альбомды дайындау.

11. Өлкенің археологиялық мұрасы бойынша сериялық бейнефильмдер мен бейнероликтерді даярлау.

12. Ақтөбе облысы аумағындағы араб графикалы тарихи ескерткіштердің (XIX–XX ғғ. басына жататын құлпытастар) эпиграфикасын зерттеу.

13. Алып ана қорымындағы ортағасырлық кесене орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу (*Байғанин ауданы*).

14. Едіге әмірдің жерленген орнын анықтау мақсатында жүргізілген кешенді ғылыми зерттеу жұмыстары барысында қазып алынған антропологиялық (3 ер адамның сүйек қаңқалары) материалдарға генетикалық сараптама жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру.

Екі жобаның қаражаты келісім бойынша Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Т. Жүргеновтің туғанына 125 жыл толуына арналған республикалық іс-шараларды ұйымдастыруға ауыстырылды.

15. Ақтөбе және Орынбор облыстарының шекаралық аумағындағы мемориалды-ғұрыптық халықтық сәулет өнері ескерткіштерін зерттеу.

16. Төлеубұлақ кешенін туристік нысанға айналдыруға ҒЖҚ әзірлеу, (*Мұғалжар ауданы*).

Жобаның қаражаты келісім бойынша «Ғұн дәуірі ескерткіштерін кешенді зерттеу» жобасы бойынша зертеу жұмыстарын кеңейту үшін ауыстырылып, Мұғалжар ауданы территориясында орналасқан Қосбұлақ қорымы зерттелінді.

17. Қобыланды батыр жырының 29 нұсқасын іздестіру, зерттеу және толық жинақтап, баспадан шығару.

18. Ақтөбе облысының киелі жерлері бойынша видеороликтер әзірлеу.

Жобаның қаражаты келісім бойынша ғұн дәуірі ескерткіштері: Дербісалы 1, Дербісалы 2, Сорлақмола 2 қорымдарына геофизикалық түсірілім жүргізуге ауыстырылды.

Есепті мерзім ішінде жобалардың жүзеге асуы:

1. Шетелдік және отандық мұрағаттар мен музей қорларына іссапарлар ұйымдастыру жобасы бойынша азаматтық-құқықтық сипаттағы 7.07.2023 жылығы № 55 келісім-шарт негізінде тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор А.Онғар Моңғолия Республикасының Шыңғысхан музейінде және Моңғол ұлттық музейі қорларында архивтік іздестіру жұмыстарын жүргізді. Іздестіру жұмыстары нәтижесінде Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қоры Моңғолия территориясындағы ғұн тайпаларына байланысты дереккөздермен толықтырылды.

2. Ғұн дәуірі ескерткіштерін кешенді зерттеу жобасы бойынша жауапты орындаушы: 15.06.2023 жылғы № 82 келісім-шарт негізінде ҒЖБМ ҒК Ә.Марғұлан атындағы археология институты.

Ғұн ескерткіштері шоғырланған аймақтарда – Ойыл, Қобда, Әйтеке би аудандарында жоба бойынша төрт археологиялық экспедиция зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Алғашқы зерттеу - Қобда ауданы, Жарсай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 19 шақырым жерде орналасқан Дербісәлі II қорымында жүргізілді. Қорым қорғандар мен ғибадатханалар топтасқан 40-қа жуық жерлеу-ғұрыптық нысандарынан тұрады.

Есепті маусымда үш қорған, ғибадатхана және «гантель тәріздес» нысандар зерттелді.

Сонымен қатар Дербісәлі II қорымының екі қорғанында қазба жұмыстарын Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициялық тобы жүргізді. Жалпы екі экспедициялық топ барлығы жеті нысанда археологиялық зерттеу жұмыстарын жүзеге асырды.

Екінші экспедиция Аққисық қорымында археологиялық зерттеу жұмыстарын 2023 жылдың шілде мен тамыз аралығында жүргізді. Аталған

қорымға зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін екі топ жасақталды. Бірінші зерттеу жұмыстарын Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институтының ғылыми қызметкерлері жүргізсе, екінші топ құрамы Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қызметкерлерінен жасақталды.

Ескерткіш Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы аумағында, Талдық ауылынан оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай 34 км және батыс-солтүстік батыс бағытта Шетырғыз өзенінің оң жақ жағалау саласымен шектесетін Ырғыз өзенінен 11 км жерде орналасқан. Ескерткіш 55-ке жуық жерлеу-ғұрыптық нысандардан тұрады. Ағымдағы жылы Аққисық қорымында 33, 36, 39 қорғандары, гантель тәрізді құрылыс (34) және бір ғибадатханада (38) қазба жұмыстары жүргізілді.

Аққисық қорымының зерттелген нысандары 2-4 ғасырларға жатады, мәдени және хронологиялық тұрғыдан біртекті. Қабір заттары әртүрлі. Темір қылыш, қола фибула, темір ауыздықтар мен керамика сынықтарына қарап, нысандардың мерзімі II-IV ғасырлар деп болжалды.

Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының үшінші және төртінші экспедициялық тобы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданындағы Ақбұлақ қорымында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Ақбұлақ қорымдар тобы 5-6 шақырымға созылып жатқан 200-ге жуық нысаннан тұрады.

Ақбұлақ I қорымы 38 нысаннан тұрады. Есепті жылы 10, 29, 30, 31 және 32 нысандары қазылды.

Ақбұлақ II қорымында бес объект қазылды: № 28 қорған, № 5 қорған, № 6 қорған, № 12 нысан, № 9 қорған.

Жоба бойынша фото есеп



Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
Дербісәлі II қорымы.



Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
Дербісәлі II қорымы. Қорған 34.



Ақтөбе облысы, Қобда ауданы,
Дербісәлі II қорымы. 21-объект.



35-объект 35.
Дене сүйегінің үстіңгі жақ бөлігі.



Әйтеке би ауданы,
Аққисық қорымы.
Ғибадатхана көрінісі.



Аққисық қорымы.
«Гантель тәріздес» нысан



Аққисық қорымы.
Қорған құрылымы



Ойыл ауданы, Ақбұлақ I қорымы.

Ақбұлақ I қорымы, 29 қорған.



Ақбұлақ I қорымы,
29 қорғанның жерлеуі.

Ақбұлақ қорымының жерлеуінен
шыққан керамикалық ыдыс.



3. Кездейсоқ табылған Елек I материалдары негізінде 2-4 ғасырлардағы ғұнның костюмі, қару-жарақ және ат әбзелі жиынтықтарының ғылыми-көркемдік және заттай қайта жаңғыртпасын жасау жобасы бойынша жауапты орындаушы: 19.07.2023 жылғы № 111 келісім-шарт негізінде ҒЖБМ ҒК Ә.Марғұлан атындағы археология институты.

Өте сирек кездесетін бірегей археологиялық материалдар 2018 жылы Ақтөбе қаласының маңында Елек өзенінің аңғарында құм карьерінен игеру барысында жұмысшылар жерлеуге кездейсоқ тап болады. Жерлеу ковшты техникамен толық бұзылған. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологтары жерлеу орнының сақталған бір бөлігінде қазба жұмысын жүргізіп, құнды материалдарды толығымен жинап алды.

Ағымдағы 2023 жылы археологиялық материалдарға консервациялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізілді.

Табылған алтын бұйымдарды зерттеуге Ресей Ғылым Академиясының материалдық мәдениет Институтының реставратор маманы Н.Курганов алғашқы тазалау, қалпына келтіру жұмыстарын атқарды. Жерлеу материалдарының графикалық реконструкциясы жасалынып, соның негізінде көшірмелері қару-жарақ зерттеуші, суретші-шебер Ахметжан Қалиолла қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асырды.

Реконструкция барысында алтын ат-әбзелі, ер-тұрман, семсер, қанжар киім әшекейлері реконструкцияланды. Елек I орнынан табылған ғұн жауынгері және тұлпарының толық реконструкциясы жасалынып, тұсаукесер көрмесі өткізіліп, кәзіргі уақытта облыстық музейдің көрме залына көрме жасақталып қойылды.

Жоба бойынша фото есеп



Реставрацияға дейінгі алтын
қаптамалар



Ертұрман бөлшектерінің
реконструкциясы



Алтын бұйым бөлшектерін зерттеу барысы



Реконструкцияны жүзеге асыру барысындағы жоба эскиздері

4. Ақтөбе өлкесі археологиясы бойынша жаңадан алынған материалдарға пәнаралық зерттеулер жасау жобасы бойынша жауапты орындаушы: 12.09.2023 жылғы № 137 келісім-шарт негізінде ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы археология институты.

2023 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған материалдарды кешенді пәнаралық әдістерді қолдана отырып зертханалық зерттеулер жүргізілді. Оның ішінде археозоологиялық талдау, үлгілерді техникалық-технологиялық және химиялық талдауды қолдана отырып, керамикалық материалды зерттеу, трасологиялық және типологиялық зерттеулер, антропологиялық зерттеулер, металл бұйымдарын қалпына келтіру жүргізілді.

Жоба бойынша фото есеп



Таранғұл қонысынан алынған
сүйек материалдары



Сүйек бөлшектерінің суретін салу



Дербісалы I қорымы, бас сүйек



Тасқұдық қорымы, бас сүйек



Тас соқалар

5. «Халықтардың Ұлы қоныс аударуы қарсаңындағы далалық тайпалар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

23-24 қарашада Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі ҒЖБМ ҒК Ә.Марғұлан атындағы археология институты және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетімен бірлесіп «Халықтардың Ұлы қоныс аударуы қарсаңындағы далалық тайпалар» тақырыбында Халықаралық ғылыми конференциясын өткізді.

Конференцияға шетелдерден, атап айтқанда, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Венгрия, Монғолия және т.б., сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпірінен, археологтар қатысты.

Конференцияда Ұлы даладағы ғұн тайпаларының тарихына байланысты тақырыптарда баяндамалар жасалды.

Басқосу барысында далалық зерттеу экспедицияларының жаңа нәтижелері жарияланып, өңірде одан әрі зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша міндеттер талқыланды.

Екі күнге созылатын конференция аясында ауқымды мәдени бағдарлама, оның ішінде Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстары музейлерінің қорынан ғұн-сармат кезеңі бұйымдарынан жылжымалы көрме, сонымен қатар Елек I кездейсоқ табылған материалдары негізінде ғұнның костюмі, қару-жарақ және ат әбзелі жиынтықтарының ғылыми-көркемдік және заттай қайта жаңғыртпасының ашылуы ұйымдастырылды.

Конференция жұмысының нәтижесінде, қарар қабылданып өлкенің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу бойынша жетістіктер айтылып, өзекті мәселелер бойынша ұсыныстар жеткізілді.

Жоба бойынша фото есеп



6. Тас және палеометаллдар дәуірі ескерткіштерін зерттеу:

6.1. Жамансу 2 ескерткішінде қазба жұмыстарын жүргізу (Мәртөк ауданы) жобасы бойынша жауапты орындаушы: 06.09.2023 жылғы № 132 келісім-шарт негізінде ҒЖБМ ҒК Ә.Марғұлан атындағы археология институты.

Тас дәуірінің ескерткіштерін зерттеу бағыты бойынша 2022 жылғы далалық маусымда табылған Жамансу 2 тұрағында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Биылғы жылы жалпы ауданы 200 шаршы метр болатын үш орын қазылды (192 ш.м – 4 ш.м. – 4 ш.м.). Тұрақтың бірінші мәдени қабаты толығымен қазылып, стерильді және екінші мәдени қалыптасуы қабат-қабат бойынша зерттелді. Топографиялық және ортофотолық жоспары, сондай-ақ жер бедерінің цифрлық моделі құрастырылды.

6.2. Көне металлургтердің Таранғұл қонысын зерттеу (Қарғалы ауд) жобасы бойынша жауапты орындаушы: 15.06.2023 жылғы № 82 келісім-шарт негізінде ҒЖБМ ҒК Ә.Марғұлан атындағы археология институты.

Екінші бағыт бойынша келесі жұмыстар жүргізілді: Таранғұл кейінгі қола дәуірінің археологиялық кешені ауқымды зерттелді. Жаңа ескерткіштерді анықтау мақсатында Таранғұл өзенінің жоғарғы ағысында барлау жұмыстары жүргізілді. 2023 жылғы далалық маусымында жалпы 234 шаршы метр аумаққа қазба жүргізілді. Қазба жұмыстары кезінде палеозологиялық материалдың мыңға жуық үлгілері табылды, керамикалық бұйымдардың қалдықтары тіркелді, бірқатар тас құралдар, сондай-ақ қола тесулер, ілмектер, қапсырмалар анықталды. Жергілікті жерге кешенді топографиялық түсіру жұмыстары жүргізілді. Қазіргі уақытта Таранғұл археологиялық кешенінде қорым мен елді мекенді белгілеу үшін ескерткіштерді нақты локализациялау картасы дайындалуда. Өндіріс орны мен металлургиялық өндіріс қалдықтарының тахеометриялық есебі жүргізілді. Елді мекеннің өндірістік секторының 3D моделі жасақталуда.

Жоба бойынша фото есеп



Жамансу 2 тұрағының
орналасу картасы



Қазба жұмысының барысы




Жамансу 2 тұрағы қазба көрінісі




Таранғұл коньсы, жұмыс барысы



Таранғұл коньсы, металлургиялық пештер көрінісі



Таранғұл қонысы, сандық моделі



Таранғұл, 3D модель



Таранғұл, тас кені

7. Төлеубұлақ тарихи-мәдени аумағындағы сармат ескерткіштерін зерттеу (Мұғалжар ауданы) жобасы бойынша жауапты орындаушы: 08.09.2023 жылғы № 135 келісім-шарт негізінде ҒЖБМ ҒК Ә.Марғұлан атындағы археология институты.

Зерттеу аймағы ретінде Мұғалжар таулары, әсіресе атақты Төлеубұлақ петроглифтері орналасқан аумақ таңдалды. Бұл аумақ тас дәуірінен

этнографиялық қазіргі заманға дейінгі әртүрлі ескерткіштер шоғырланған жеке шағын аудан ретінде қаралады. Төлеубұлақ петроглифтері, тас дәуірінің шеберханалары, ерте темір дәуірінің қалпына келтірілген нысандары мен ерекше табиғаты, оның ішінде Орқаш орманы бұл шағын ауданды Ақтөбе облысының өңірлік туризм орталықтарының біріне айналдырары сөзсіз.

Орқаш I қорымында археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді, қорым 40 жерлеу нысандарынан тұрады. Биылғы далалық маусымда үш қорған (17, 8, 19) зерттелді. Қорымның зерттелген нысандары біздің дәуірімізге дейінгі 6-4 ғасырларға жатады.

Жоба бойынша фото есеп





8. Едіге жалы қорымының «Үлкен обасын» археологиялық тұрғыда зерттеу (*Байғанин ауданы*). Археологиялық зерттеу жұмыстарын Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологиялық тобы Едіге жалы II қорымында жүргізді. Қорымнан бір гантель тәрізді қорғанның шығыс құлақшасы мен төрт топырақ үйіндісінен құралған дөңгелек пішінді қорғандар зерттелді. Нәтижесінде екі қабірден әйел адамның мәйіті мен әшекей-бұйымдары табылды. Ал қалған екі қабір қарақшылық және табиғат әсерінен тоналған болып шықты.

Археологиялық қазба жұмыстары б.з. II- IV ғасырларындағы ғұрыптық-жерлеу мәдениет зерттеу бағытталған «Ғұн дәуірінің ескерткіштерін кешенді зерттеу» жобасы аясында жүзеге асты.

Қорымда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі, б.з. II-IV ғасырларындағы Ақтөбе өңірі тайпалық одақты, римдік дәуірдіге батыс дереккөздеріндегі ғұндар деген атаумен белгілі көшпенділер тобының қалыптасу орталығының бірі болғанын анықтауға мүмкіндік берді.

Жоба бойынша фото есеп



Едіге жалы II қорымындағы
қазба жұмыстары



Едіге жалы II қорымы №10 нысан



Едіге жалы II қорымы №3 нысан




Едіге жалы II қорымы №10 нысан

9. Ортағасырлық ескерткіштерді зерттеу жобасы бойынша жауапты орындаушы: 11.09.2023 жылғы № 136 келісім-шарт негізінде ҒЖБМ ҒК Ә.Марғұлан атындағы археология институты.

Археологиялық қазба жұмыстары Мұғалжар ауданындағы Орқаш, Темір ауданындағы Көптам, Тасқұдық қорымдарында, Қобда ауданындағы Қосөткел қонысы орындарында жүргізілді. Қобда, Темір және Хромтау аудандарында жаңа ескерткіштерді анықтау мақсатында барлау ұйымдастырылды. Көптам қорымында екі нысан зерттелді. Қосөткел елді мекенінде көлемі 7х7,5 м болатын үш жерден қазба жұмыстары жүргізілді. Тасқұдық қорымында 2 нысан және Орқаш қорымында 2 қорған қазылды. Орта ғасырлар – қазақ мемлекеттілігінің іргетасын қалау және қазақ халқының қалыптасу кезеңі болып есептеледі. Осыған байланысты облыс аумағы түркі экспансиясының, оғыз-печенег текетіресінің, Алтын, Ақ, одан Ноғай Ордасының дәуіріндегі таңғажайып саяси оқиғалармен, ескерткіштердің бай қабатының шоғырлануымен ерекшеленеді. Қазақстан тарихы мен мәдениетінен тың дерек беретін айғақтар мұқият зерделенуін талап етеді.

Жоба бойынша фото есеп



Көптам қонысы. Топоплан.





Көптам нысандары қазба



жерлеу



Қосөткел қонысы



Тасқұдық I, 1 қорған

10. Ақтөбе өлкесінің тарихи-мәдени және табиғи мұраларына арналған кітап-альбомды дайындау жобасы бойынша жауапты орындаушы: 27.09.2023 жылғы № 147 келісім-шарт негізінде ҒЖБМ ҒК Ә.Марғұлан атындағы археология институты.

Жобаның мақсаты – Ақтөбе облысының табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштеріне арналған кітап-альбом дайындау және басып шығару. Кітап-альбом Ақтөбе облысының ең көрнекті ескерткіштерін қамтитын көлемді басылым ретінде қызмет етеді. Түрлі-түсті иллюстрацияланған кітап-альбомның шығуы өңірдің бай мәдени мұрасының бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігін айшықтайтын болады. Мұнда табиғат ескерткіштері де, тас дәуірінен этнографиялық қазіргі заманға дейінгі тарихи-мәдени мұра нысандары да көрініс табады. 2023 жылы кітап-альбомның бастапқы мәтінін


жазу және фото иллюстрациялар қорын жасақтау бойынша түсірілім тобы жұмыс атқарып жатыр. Кітап келесі жылы жарық көреді деп жоспарлануда.

11. Өлкенің археологиялық мұрасы бойынша сериялық бейнефильмдер мен бейнероликтерді даярлау жобасы бойынша жауапты орындаушы: 05.10.2023 жылғы № 152 келісім-шарт негізінде «Neonfilm» ЖШС.

Жоба бойынша алты тақырып бойынша үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) әр қайсы 15 минуттік бейнефильм және 2 тақырыпқа арналған әр қайсысы 2 минуттік үш тілде бейнероликтер түсіріліп әзірленді. Бейне фильмдердің тақырыптары: Ақтөбе өңірінің тас дәуірі, Қола дәуіріндегі аймақтың тарихы, Сармат тайпаларының ескерткіштері, Ғұн дәуірі ескерткіштері, Ақтөбе музейі кеше және бүгін, Ө.Марғұлан атындағы Археология институтының өңірдегі зерттеу жұмыстары.

Жоба бойынша фото есеп





12. Ақтөбе облысы аумағындағы араб графикалы тарихи ескерткіштердің (XIX ғ. - XX ғ. басына жататын құлыптастар) эпиграфикасын зерттеу жобасы бойынша, 2023 жылы Ақтөбе облыстытық тарихи-өлкетану музейінің этноархеологиялық экспедициясы Ақтөбе облысының Ырғыз, Қобда, Әйтеке би, Ойыл аудандары бағытында маусым - қараша айлары аралығында далалық этноархеологиялық және архитектуралық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Экспедиция құрамына жүктелген міндеттер:

- зерттелетін тарихи ескерткіштерді табу (бірінші орында топокарта арқылы жұмыстар жүргізу, сонымен қатар жергілікті тұрғындардың ақпараттары арқылы және осыған дейін зерттеу қорытындылары туралы есептерде берілген мәліметтерді де пайдалану арқылы ескерткіштерді анықтап, GPS координаттарын түсіру;
- табылған тарихи нысандарға фотофиксация жұмысын жасау (фотоға түсіру), бұл жерде жоғарыдан және жанынан дронға түсіру жұмысын атап көрсету керек;
- тарихи ескерткіштердің архитектуралық сызбаларын алу, өлшем бірліктерімен;
- нысандарды суретке салу, өлшем бірліктерімен;
- мемориалдық ескерткіштердегі араб графикалы эпиграфияларын аудару да осы алға қойған міндеттердің бірі болып табылады.

Экспедиция жұмысының негізгі маршруты:

Ырғыз ауданы бойынша анықталған қорымдар: Үш Нияз, Алмат тамы, Шүлембай қорымы, Күмкөл қорымы, Дүйсенбі ахун, Исатай мешіті, Жоламан мола, Кәрен қорымы, Сәтбай әкім қорымы, Таңсықбай(телеулер) қорымы, Байтақ мола, Өтей мола, Әлишан қорымы, Жаппасбай қорымы, Көркемжары қорымы, Бес мола, Әбу бақсы қорымы, Нұржан қажы қорымы, Тасыбек қорымы, Уәли қорымы, Құлты қорымы, Қошқар қажы қорымы, Қызыл-Тоқпанбет қорымы, Өтебай қорымы, Сарыбұлақ қорымы, Қосарна қорымы, «Бұқа қорымы», «Қара батыр», «Жаулықбай», «Үш батыр», «Жаханай қорымы», Тасымбек қорымы, «Ақши ауылы құм ішіндегі» қорым, Байғабыл тамы, Жапақ қорымы, «Шайқан қорымы», «Шибұлақ қорымы(Өткен бақсы)», «Қыздың тамы», «Байғабылдың қара бұлағы» қорымы, «Ақ мола бейіті», «Тормантай бейіті», «Телеуімбет мола» атты бейіттер мен қорымдар зерттелді. Сонымен қатар басқа да белгісіз бейіттердегі құлпытастар анықталып, есепке алынды.

Қобда ауданы бойынша: Сорбұлақ ауылының бұрынғы №3 бөлімшесі Константиновка ауылы (№3 ферма) жұрты, Айтық мола, Наурызғали қорымы, «Тамды өзені бойындағы 1 қорым», «Шошақ мола», «Абылғазы қорымы», «Қара мола», «Көкбұлақ 1» қорымы, «Шоқпар тоғай маңындағы бейіттер», «Аққұдық қорымы», «Әбдібұлақ қорымы», «Ақ баз қорымы», «Қырғынның қорымы», «Адай қорымы»(Қандық жайлауы), «Қилы өзені бойындағы 1,2» қорымы, Қалдығұл мола, «Ақ бұлақ қорымы», «Саты мола», «Байтас мола», «Қарағанды 1,2,3» қорымдары, «Жұлдыз қорымы», «Дербісалы қорымы», Қилы ауылының бұрынғы фермасы(Новосельное) қорымы, Исатай батыр қорымы, «Сейіт сай» қорымы, «Шолақ мола» бейіті, «Үй тас қорымы», «Бұлақ басы» бейіті, «Қара мола» бейіті, «Қарабек ата» бейіті, «Дауылбай қорымы», «Ақ бұлақ» қорымы, «Водхоз» шаруашылығының қасындағы қорым, «Жарықтың №3 фермасы қасындағы» қорым, «Бисен хазірет қорымы», «Қанай ауылындағы(№2 ферма) қорым», «Ақырап ауылының батысындағы қорым», «Қарабұлақ ауылының қорымы»(жыршы Айса Байтабынов жерленген), «Қази ахун» қорымы, «Роповка ауылындағы қорымдар», «Жекей қорымы», «Қосөткел ауылы қасындағы» қорым, «Көксай » қорымы секілді бейіттер мен қорымдар зерттелді.

Ырғыз ауданы бойынша Нұра тауының үстіндегі қорымдарды зерттеу қайта жалғасыты. Атап айтқанда: «Ақназар әулие қорымы», «Шағат қорымы1», Кеген бейіті, «Шағат қорымы», «Қайыңды сай» қорымы, «Ақ жар қорымы», «Махамбет қорымы» (Баймұрат батыр), «Үлкен Жалаңаш көл» маңындағы бейіттер зерттелді.

Әйтеке би ауданы бойынша: «Назар мола», «Қали Қарттың тамы», «Ақ бұлақ » қорымы және Ұлы Талдық пен Бала талдық өзендері аралығындағы бейіттер мен қорымдар, Жомарт мола, «Сандықтас», «Дөңгелек сор» қорымы, «Үй мола» қорымы, «Ескі Қарабұтақ» қорымы, Қайрақты өзенінің бойындағы қорымдар «Өлеңдісай» қорымы, «Төлебай» қорымы т.б. зерттеу нысанына алынды. Сол секілді Шолақ Қайрақты өзені бойындағы, Талдыаша бойындағы

кішкене көлемдегі бейіттер зерттелді. Белқопа ауылының қасындағы бейіттер Жүзбай қорымы т.б. зерттелді.

Ойыл ауданы көлемінде: Ботақан, «Саралжын мен Ақкемер арасындағы қорым», Ақкемер, «Шот әулие», «Ботакөз әулие», «Қыпшақ қорымы», «Қилы бойы 1» қорымы және «Ақкемер мен Көп мола арасындағы 1,2,3» қорымыдар, «Көпмола қорымы», «Ақмола қорымы» «Қарауылтөбе қорымы», «Тастан мола», «Жаңабай мола», «рысалды мола», «Үргенішбай мазары», «Сұлтанғали қорымы», «Пұшық қорымы», «Дүйімбай қорымы», «Самай Қожа қорымы», «Толалы қорымы», «Мағит қорымы», «Тұрымбек қорымы», «Толықбай қорымы», «Саңғырық қорымы», «Екібай мавзолейі», «Дәулет мола қорымы», «Молақаражар қорымы», Қарасу ауылы ішінде тұрған қорым, «Ақ мола бейіті», «Шырбай», «Шәлімбай», «Қара мола» қорымдары, «Таммола қорымы», «Сағымбай мола», «Тайлақбай қорымы», «Еңсеген 1,2,3 қорымдары», «Ұзын там 1,2,3» қорымдары, «Тотикол», «Бектұрған», «Бабалы», «Үшқатты», «Қызылқұдық 1,2» қорымдары, «Қырдағы бейіт», «Алтынбек мола», «Көкжар»(Жидекті), «Талтоғай ауылы тұсындағы бейіттер1,2,3», «Қилы мен ойыл түйіскен қорым 1,2» қорымдары зерттелді.

Көрсетілген аумақта (Ырғыз, Қобда, Әйтеке би, Ойыл аудандары көлемінде) орналасқан қорымдардан маусым, шілде, тамыз, қыркүйек және қазан айларындағы зерттеу жұмыстары кезінде көптеген құлпытастың мәтіні аударылып, өлшем сызбалары алынды. Бұл ескерткіштер ХІХ ғасырда шарықтап дамыған қазақ тас қашау өнерінің, көрнекті туындылары, төл тума мәдениетіміздің, құнды мұралары болып табылады.

Бұдан бөлек арнайы арабтанушы ғалым А. Омарова келісім-шарт негізінде 223 беттік араб әріпімен жазылған құлпытастардағы жазуды аударып, үш әліпби (араб, кирилица және латын) бойынша транскрипциясы әзірленді.

Географ маман Н. Баиров келісім-шарт негізінде тартылып зерттелінген аудандар бойынша анықталған қорымдардың орналасуының картасын әзірледі.

Жоба бойынша фото есеп



«Байғабылдың қара бұлағы»
үстіндегі қорым. Ырғыз ауданы.



«Бесмола» қорымы.
Торғай өзенінің арғы беті.
Нұра ауылының оңтүстігі. Ырғыз ауданы.



«Жоламан мола» қорымы.
Қос құлпытастың көрінісі.
Жайсаңбай ауылы Ырғыз ауданы.



«Құлты қорымы» Нұра тауының үсті.
Бейіттің оңтүстік-батыстан көрінісі.



«Көпмола» қорымы.
Ұлутас жынысынан жасалған құлпытас.
Оңтүстік-батыстан көрініс. Ойыл ауданы.



«Көпмола» қорымы жалпы көрініс.
Оңтүстіктен. Ойыл ауданы.



«Балапан» қорымы,
орта бөлігінің көрінісі.
Оңтүстіктен. Ойыл ауданы.



«Балапан» қорымы.
XIX ғ.50 жж. құлпытас.
Саралжын ауылы. Ойыл ауданы.

13.,14. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Т. Жүргеновтің туғанына 125 жыл толуына арналған республикалық іс-шаралар.

13-16 қыркүйек айында Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен Т. Жүргеновтың 125 жылдығына орай «Т.Жүргенов және түркі әлемінің рухани бірегейлігі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Ұрпақтар үні» атты кездесу кеші, «Баукеннің тәлімі» атты кездесу кеші (Орынша және Зейнеп апайлардың қатысуымен), 1936 жылғы Мәскеудегі Қазақ мәдениеті мен өнерінің 10 күндігі аясында Т.Жүргенов ұйымдастырған концерттің қайта жаңғыртылған нұсқасы, Тақырыптық көрменің жұмысы жүзеге асырылды.



15. Ақтөбе және Орынбор облыстарының шекаралық аумағындағы мемориалды-ғұрыптық халықтық сәулет өнері ескерткіштерін зерттеу жобасы бойынша 2023 жылы Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің этноархеологиялық экспедициясы Ақтөбе облысының Қобда және Мәртөк аудандары территориясында маусым-шілде айлары аралығында далалық этноархеологиялық және архитектуралық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ғылыми жобаның негізгі мақсаты бүгінгі күнге дейін зерттеу жұмыстары жүргізілмеген Қазақстан мен Ресей арасындағы шекаралық аймақта орналасқан қазақтардың мемориалдық сәулет өнері ескерткіштерін анықтап, тіркеу ғылыми айналымға енгізу. Бұнымен қатар экспедиция мүшелері этнографиялық материалдарды жинақтау, көрші Орынбор облысының мемлекеттік мұрағаты мен кітапханаларынан өңірге қатысты жаңа тарихи құжаттарды іздестірумен айналысты.



Құлыптасы бар тас қоршау

16. «Ғұн дәуірі ескерткіштерін кешенді зерттеу» жобасы бойынша Мұғалжар ауданы территориясында орналасқан Қосбұлақ қорымында зерттеу жұмыстары бойынша орындаушы: 27.09.2023 жылғы № 145 келісім-шарт негізінде «Археологиялық зерттеулер» ЖШС.

2023 жылдың қыркүйек-қазан айлары аралығында Мұғалжар ауданы территориясында орналасқан Қосбұлақ I қорымында қазба-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қосбұлақ-I қорымы Қаракөл ауылынан шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай 10,8 км жерде, Жем (Ембі) өзенінің сол жағалауындағы салалары ағатын су алабында орналасқан. Ескерткіштің солтүстігінде оркаш реликті орманы орналасқан. Ескерткіштің өзі қорғандар, қасиетті орындар және "гантель тәрізді" құрылымдар болып табылатын әртүрлі нысандардан тұрады.

Қорым шығыс-солтүстік-шығыстан батыс-оңтүстік-батысқа қарай созылған 14 нысаннан тұрады. Олардың барлығы Жем өзенінің оң жағалауындағы Жаланаңш ағынының солтүстік-шығысында салыстырмалы түрде тегіс жерде салынған. Ескерткіштің орналасқан жері Қосбұлақ деп аталады. Қорымда 5, 6 және 11 қорғандар қазылған. Айта кету керек, соңғы қорған қорғанға ұқсамайды, мүмкін бұл қарқынды жыртудың нәтижесі.

2023 жылы археологиялық қазба жұмыстары 5, 6 және 11 қорғандарда жүргізілді. Зерттеу үшін "гантель тәрізді" құрылымдардың жанында орналасқан қорғандар арнайы тандалды, бірақ зерттеу нәтижелері олардың ерте сармат мәдениетіне жататынын көрсетті.

Жоба бойынша фото есеп





Қосбулақ I қорымы жерлеулері

17. Қобыланды батыр жырының 29 нұсқасын іздестіру, зерттеу және толық жинақтап, баспадан шығару жобасы бойынша орындаушы: 19.09.2023 жылғы № 142 келісім-шарт негізінде ҒЖБМ ҒК . М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты.

«Қобыланды батыр» жырының 29 нұсқасы белгілі. Тұңғыш рет топталып беріліп отырған жетітомдық жинақта жырдың барлық нұсқалары қамтылған. Алғашқы томына қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі нұсқалары енгізілген. Сонымен қатар «Қобыланды батыр» жырының бұрын жарияланбаған Дәулетше, Досжан, Жамболов, Қартбай Қылышұлы, Орынбасар Оңғарбаев, Қайырғали Иманов, Әбілқайыр Дәнекеров нұсқалары мен жыршысы белгісіз «Ноғайлы Қарақыпшақ Қобыланды батыр» жыры топтастырылып алғашқы рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр.

«Қобыланды батыр» жырының Марабай нұсқасын белгілі өнер қайраткері Ақан Әбдуәлі және Нұрпейіс Байғанин нұсқасын жыршы-термеші Аманқос Садықов жырлап оның аудиожазбасын мұқабада көрсетілген QR арқылы тыңдауға және жүктеп алуға болады. Жоба бойынша 7 томдық еңбек әр бір том тиражы 500 данамен жалпы тираж 3 500 дана жинақ баспадан шығарылды.

Жоба бойынша фото есеп



18. Ғұн дәуірі ескерткіштері: Дербісалы 1, Дербісалы 2, Сорлақмола 2 қорымдарына геофизикалық түсірілім жүргізу жұмыстары бойынша орындаушы: 26.10.2023 жылғы № 163 келісім-шарт негізінде «Арзер» ЖШС.

Далалық геофизикалық түсірілім жұмыстары Қобда ауданында орналасқан Дербісалы I және Дербісалы II қорымдарында және Ойыл аудан аумағында оналасқан Сорлақмола II қорымында жүргізілді. Нәтижесінде нақты карталармен геоэлектрo қималары алынды. Дербісалы I, Дербісалы II және Сорлақмола II қорымдарында барлығы 139 нысанға түсірілім жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде 8 нысан «гантель тәріздес» құрылыстар, 27 нысан «таға тәріздес» құрылыстар, және 104 нысан обалар. Жалпы Дербісалы I қорымында 42 га аумақ, Дербісалы II 20 га аумақ және Сорлақмола II қорымында 39,3 га аумақ зерттелінді.